

"Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 1024 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 20 қазандағы № 997 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 2-тармағына 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 1024 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9059 болып тіркелген , «Егемен Қазақстан» газетінде 2014 жылғы 9 қаңтарда № 4 (28228), 2014 жылғы 14 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә . А . А с а в б а е в) :

1) бір апта мерзімінде осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберуді ;

2) осы бұйрықтың мерзімді баспасөз басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Ә. Исекешев